

белсенді тыңдап, ескере отырып, цифрлық технологияларға байланысты балалардың құқықтарын нығайту үшін жауапкершілікті өз мойнына алуы тиіс.

Сонымен қатар, интернет желісінде өзіне-өзі қол жұмсау бағытындағы топтардың болу фактісі, олардың қауіп күмән тудырғанымен, зерттеу барысында расталды. Біз заңнамалық бастамалар интернет желісіне қарсы емес, желіні балаларға теріс әсер ету үшін пайдаланатын девиантты топтарға қарсы бағытталуы тиіс деген авторлардың қорытындысымен толық келісеміз. Қандай да бір мақсатпен балаларды манипуляциялауға әрекет жасайтын кез келген субъект қауіпті. Әрине, ата-аналар өз балаларын мұндай манипуляциялардан қорғап, егер ол виртуалды ортадан белгісіз адамның тапсырмаларын орындай бастаса, онда оның қауіпсіздігіне қауіп төнетінін түсінулері керек.

Кәмелетке толмағандарға психикалық әсерге телекоммуникациялық құралдармен қарсы тұруға тек заң ғылымының өкілдері ғана тырысып отырған жоқ, бұл белгіленген проблема психологтарды, педагогтарды, антропологтарды және өзге де салалардың ғалымдарының зерделеу пәніне айналуға. Сонымен бірге, кәмелетке толмағандардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қабылданатын құқықтық шаралардың тиімділігіне теріс әсер ететін жағдаяттар арасындағы байланыстар анық көрсетілмеген [4].

Телекоммуникация желілерінде деструктивті психологиялық әсер етуді және жеке адамның санасын манипуляциялауды, сондай-ақ өзін-өзі танытатын топтың мүдделерін қанағаттандыру мақсатында өз жақтастарының ойлары, сезімдері мен мінез-құлқына толық бақылауды жүзеге асыратын жалған діни ұйымдардың өкілдері жүзеге асырады. Бұл әрекеттер әсіресе балалар үшін қауіпті, сондықтан осындай ақпаратты таратуға заңнамалық кедергі жасау қажет деп есептейміз.

Қазақстанда Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтын құру жөніндегі жұмысты Компьютерлік аддикцияны дамытудың негізгі себебі - баланы қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану кезінде ересектер (ата-аналар, тәрбиешілер, мұғалімдер және т.б.) тарапынан бақылаудың болмауы.

Жасы бойынша кәмелетке толмаған адам алынған ақпаратты өз бетінше сыни бағалау мүмкіндігінен айырылады және ол үшін қауіпсіз ортада болу қаупінен айырылады, сондықтан баланы ойын сервистеріне тартатын, жарнамада да, әлеуметтік желілерде де гаджеттерді үздіксіз (тәулік бойы) пайдалануды насихаттайтын ақпаратқа тосқауыл қою талап етіледі (мысалы, «лайк қою» өтініші).

Қорыта айтқанда, заң нормаларындағы терминологиялық қайшылықтарды жою ақпараттық саладағы балалардың құқықтары мен мүдделеріне қауіпті қол сұғушылықтарға қарсы іс-қимылдың тиімділігін бұзатын заңнамалық оқшылықтарды жоюға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Сустина, Т. И. Информационная безопасность детей: особенности правового регулирования // Молодой ученый. – 2022 – № 4 (399). – С. 248-251.
- 2 Доклад о положении детей в Республике Казахстан в 2017 году [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://bala.stat.gov.kz/files/Doklad_o_polozhenii_detej_v_Respublike_Kazahstan_2017.pdf
- 3 Сараптама тобын құру, сондай-ақ балаға қатысты кибербуллинг фактілері бойынша өтінішті қарау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 6 қыркүйектегі № 365 бұйрығы - [Электрондық ресурс] - Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029469>
- 4 Кибер Тұмар: Создание безопасного цифрового пространства для каждого // UNICEF-2024.[Электрондық ресурс]Қолжетімділік тәртібі: <https://www.unicef.org/kazakhstan>

Әшімхан Қ.

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
заң факультетінің Ю-24-1 тобының студенті*

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ОНЫМЕН КҮРЕСТЕГІ ЖАСТАРДЫҢ КӨЗҚАРАСЫ

Сыбайлас жемқорлық - кез келген халық үшін, мемлекет үшін өте маңызды мәселе. Бұл тек заңдық бұзушылық емес, бұл - қоғамның негізгі институттарына, әлеуметтік әділеттілікке және экономикалық тұрақтылыққа үлкен қауіп төндіретін құбылыс.

«Сыбайлас жемқорлық» - деп жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өзінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты осы адамдарды игіліктер мен артықшылықтар беру жолымен сатып алу түсініледі [1].

Сыбайлас жемқорлық-бұл жеке пайда алу үшін қызмет бабын теріс пайдалану. Ол парақорлық, мемлекеттік қаражатты ұрлау, билікті асыра пайдалану, жағымпаздық және алаяқтық сияқты әртүрлі нысандарда көрінуі мүмкін. Бұл құбылыс дамыған елдерде де, дамушы елдерде де кездеседі, оның таралу дәрежесі мемлекеттік басқарудағы ашықтық пен жауапкершілік деңгейіне байланысты өзгереді. Сыбайлас жемқорлық елдердің тұрақтылығына, әділдігіне және дамуына қауіп төндіретін қазіргі қоғамның ең маңызды мәселелерінің бірі болып қала береді. Ол мемлекеттік институттарға деген сенімді бұзады, экономиканы бұрмалайды және адамдардың қызметтер мен ресурстарға тең қол жетімділігінен айырады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнаманы, адалдық мәдениетін тәрбиелеуді және басқарудағы ашықтықты нығайтуды қамтитын кешенді тәсілді талап етеді.

Бұл қоғамдағы бірқатар мәселелердің туындауына себеп болатын терең және күрделі құбылыс. Әсіресе дамушы елдерде сыбайлас жемқорлық мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын тежеп, халықтың тұрмыс сапасын төмендетеді. Қоғамның тұрақтылығына, әлеуметтік әділеттілікке және экономикалық дамуға қатер төндіретін жаһандық проблема. Бұл құбылыс қоғамның барлық салаларында, әсіресе мемлекеттік басқару жүйесінде өз ықпалын тигізеді. Сыбайлас жемқорлықтың салдары тек экономикалық шығындармен шектелмейді, ол халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін жоғалтып, қоғамдық қатынастарды бұзады. Қазақстан да бұл мәселемен бетпе-бет келіп отырған елдердің бірі. Мемлекет пен қоғам үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тек заңдық, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан ғана емес, этикалық, моральдық тұрғыдан да маңызды.

Қазіргі таңда осы мәселе, осы тақырып өте мыңызды. Сыбайлас жемқорлықтың қоғам үшін маңызды болуының бірнеше себебі бар:

1.Әлеуметтік әділетсіздік

Сыбайлас жемқорлық ең алдымен әлеуметтік теңсіздікке әкеледі. Парақорлықтың және заңсыз әрекеттердің нәтижесінде мемлекет ресурстары дұрыс бөлінбей, кейбір адамдар немесе топтар артықшылыққа ие болады, ал қарапайым азаматтар қиындықтарға ұшырайды. Бұл жағдай халықтың құқықтық теңдігіне қатер төндіреді, ал халықтың әлеуметтік тұрғыдан қолдау таппауы қоғамдық наразылықты тудырады. Нәтижесінде, мемлекетке деген сенім төмендейді, бұл өз кезегінде саяси тұрақсыздыққа әкеледі.

2.Экономикалық зардаптар

Сыбайлас жемқорлықтың экономикаға әсері аса теріс болып табылады. Парақорлық мемлекеттік сатып алу, салық салу, тендерлік рәсімдер сияқты маңызды салаларды бұзады. Бұл жағдайда инвестициялар азайып, экономикалық өсу тежеледі. Жемқорлықтың салдарынан инфрақұрылымдық жобалар мен әлеуметтік бағдарламаларға арналған қаржы дұрыс жұмсалмайды. Сонымен қатар, бұл мәселелер жұмыс орындарының азаюына, кедейлік

деңгейінің өсуіне себеп болады. Елдегі экономикалық дағдарыс пен жұмыссыздықтың күшеюі қоғамның әлеуметтік жағдайына теріс әсер етеді.

3. Саяси және құқықтық жүйенің әлсіреуі

Сыбайлас жемқорлықтың саяси және құқықтық жүйеге теріс әсері көп. Билік жүйесі мен мемлекеттік қызметтегі жемқорлықтың таралуы заңның үстемдігіне нұқсан келтіреді, әділдікті қамтамасыз ету қиындатады. Бұл азаматтардың құқықтарын қорғауға да кедергі жасайды. Жемқорлықтың салдарынан халықтың құқық қорғау органдары мен сот жүйесіне деген сенімі азаяды. Қоғамдағы құқықтық және саяси мәдениет әлсіреп, демократиялық құндылықтар бұзылады. Сыбайлас жемқорлық тек Қазақстанға ғана емес, бүкіл әлемге айтарлықтай теріс әсер етеді.

Біз өз зерттеу жұмысымызда аталған ұйымның мәліметтерімен қатар, Әлеуметтік желілерде жарияланған ресми әлемдік статистикаға да шолу жасадық [2].

БҰҰ-ның әлемдік сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы анықтамалық құжатына сәйкес: «Сыбайлас жемқорлық- бұл жеке мақсаттарында пайда көру үшін мемлекеттік билікті пайдалану».

Түрлі елдерде сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін түрлі стратегиялар қолданылады. Ең сәтті мысалдардың ішінде мыналарды атап өтуге болады:

1.Эстония: ел Мемлекеттік қызметтерді цифрландыруды енгізді, бұл сыбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін айтарлықтай қысқартты. Электрондық үкімет азаматтарға пара алу қаупін азайта отырып, делдалдарсыз қызмет алуға мүмкіндік береді.

2.Сингапур: мұнда сыбайлас жемқорлыққа қарсы қуатты комиссия құрылды, оған кең өкілеттіктер берілді. Мемлекеттік қызметкерлердің жоғары жалақысы мен қатаң заңдар сыбайлас жемқорлықты өте қауіпті және тиімсіз іске айналдырды.

3.Швеция: ашықтық және шенеуніктердің қызметіне қоғамдық бақылаудың жоғары деңгейі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі элементтері болып табылады.

Transparency International ұйымының 2018 жылы жариялаған статистикасына сүйенсек, сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша ең төмен деңгейін көрсеткен 1 - ші орында Дания елі болып табылады. Бұл рейтингте Қазақстан 123-ші орында көрініс тапты. Дания мемлекетінің сыбайлас жемқорлықпен күресудегі жетістік тәжірибесі біз үшін аса құнды. Соңғы бірнеше жыл бойы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте біріншілік тиесілі елде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдар мен бастамалар табысты жұмыс істеуде. Даниядағы сыбайлас жемқорлық мемлекеттік деңгейі, азаматтардың өзін-өзі тануы мен жауапкершілігінің арқасында сыбайлас жемқорлықпен басқа еуропалықтарға қарағанда 8 есе аз кездеседі. Данияда сыбайлас жемқорлықтың төмен деңгейінің басты себептері бұл құбылысты тек мемлекеттік шенеуніктер арасында ғана емес, қарапайым азаматтар арасында да соттауды дамыту болып табылады. Елімізде өзіндік этикалық кодекстер сонымен қатар, шенеуніктердің Ар-намыс кодекстері жұмыс істейді. Үкімет деңгейінде жариялылық пен ашықтық бар. Сондықтан да сыбайлас жемқорлыққа күмән тудырған адам бірден жұмысымен қоштасуы мүмкін [3].

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жемқорлықтың жоғары деңгейі бар елдерде әлеуметтік тұрақсыздық, қаржылық дағдарыс және қоғамдық сенімнің жоғалуы байқалады. Сол себепті, сыбайлас жемқорлықпен күресу маңызды және ол қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін негізгі бағыт болуы тиіс.

Менің ойымша, сыбайлас жемқорлықты азайту және оған қарсы күрес жүргізу үшін бірнеше маңызды шаралар қажет.

1.Білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

Менің пікірімше, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін ең алдымен жастарға білім беру саласында құқықтық мәдениетті сіңіру қажет. Бала кезінен бастап адамға адалдық, әділдік, және құқықтық нормаларға құрметпен қарау керек екенін үйрету керек. Бұл білім мектептер мен жоғары оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дәрістер, семинарлар өткізу арқылы жүзеге асуы тиіс. Әрбір азаматтың жемқорлыққа қарсы ұстанымы қоғамда әділеттіліктің қалыптасуына ықпал етеді.

2. Мемлекеттік органдардағы ашықтықты қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс органдары өз құзыреті шегінде мемлекеттің қызметін құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың жұмысында заңдылық режимін қолдайтын, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін атқарушы билік органдары болып табылатын мемлекеттік басқару жүйесінде маңызды рөл атқарады [4].

Менің ойымша, мемлекеттік органдардың жұмысын барынша ашық ету керек. Бұл мемлекеттік сатып алу, тендерлік рәсімдер, лауазымды тұлғалардың есеп беруі сияқты барлық салаларда электрондық жүйелерді енгізу арқылы жүзеге асуы мүмкін. Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру жемқорлықтың алдын алуға және жүйелі түрде оны азайтуға мүмкіндік береді. Әр азамат өз мәселесін электронды түрде шешіп, барлық рәсімдер ашық болуын қамтамасыз етеді.

3. Қоғамдық бақылаудың маңызы

Қоғамдық бақылау сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің маңызды құралдарының бірі. Азаматтық қоғам, БАҚ және үкіметтік емес ұйымдар жемқорлық фактілерін ашып көрсету арқылы қоғамда сыбайлас жемқорлыққа деген теріс көзқарасты қалыптастыра алады. БАҚ жемқорлық мәселелері бойынша қоғамдық пікір қалыптастырып, оны жария ету арқылы сыбайлас жемқорлықты әшкерелейтін күшке айнала алады. Сонымен қатар, азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенді қатысуы арқылы қоғамдағы ашықтық пен жауапкершілік деңгейін арттыруға болады.

4. Жемқорлыққа қарсы заңдарды күшейту

Заңнаманы қайта қарап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу үшін қатаң заңдар мен санкциялар енгізу керек. Бірақ бұл тек заңның күшіне сүйену жеткіліксіз. Заңның орындалуына бақылау мен оның жүзеге асырылуының тиімділігін қамтамасыз ету маңызды. Құқық қорғау органдары мен сот жүйесінің адалдығы мен әділдігі жемқорлықпен күресудің табысты болуына ықпал етеді. Мемлекеттік қызметкерлердің жоғары жауапкершілігі мен жұмыс сапасын қадағалау қажет.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлық қоғамның тұрақтылығына және дамуына елеулі зиян келтіретін құбылыс екенін айтқым келеді. Сыбайлас жемқорлық – әлеуметтік және саяси жүйеге зиян келтіретін қауіпті құбылыс. Ол қоғамның әділдікке деген сенімін жоғалтып, халықтың болашағына қауіп төндіреді. Бұл мәселемен күресу үшін құқықтық шаралар мен мемлекеттік бағдарламалар маңызды болғанымен, ол тек заңдық деңгейде ғана шешілмейді. Жемқорлықпен күресудің негізі – бұл қоғамда әділдік, ашықтық және адалдық мәдениетін қалыптастыру. Әрбір азаматтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуі, өзінің жеке жауапкершілігін түсінуі өте маңызды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, мемлекеттік қызметтердің ашықтығын қамтамасыз ету, халықаралық ынтымақтастықты арттыру – осы проблемамен күрестің басты жолдары. Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам құру – бұл тек мемлекеттік органның ғана емес, әрбір азаматтың міндеті. Менің пікірімше, сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін қоғам мен мемлекет бірлесе отырып әрекет етуі қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – қоғамның дамуына, әділдік пен заңдылықтың сақталуына кедергі келтіретін маңызды мәселе. Бұл мәселе тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әрбір азаматтың жауапкершілігіне де қатысты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар тек заң арқылы шектелмей, қоғамда адалдық, жауапкершілік, тәртіптілік секілді құндылықтарды дәріптеуді қажет етеді. Мұндай күрес нәтижелі болуы үшін азаматтық қоғамның белсенділігі, білім беру және ақпараттандыру жұмыстарын күшейту керек. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін халықаралық тәжірибені ескере отырып, заңнаманы жетілдіру, бақылауды күшейту маңызды. Адал қоғам құру жолында әрбір адамның үлесі зор.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410>
2. Список стран по индексу восприятия коррупции // <https://www.wikiwand.com/ru>
3. Андрианов В.Д. Коррупция как глобальная проблема: история и современность // монография. - М, 2011. -№2 (66). - 304 с.
4. Жүсіпбекова М.К. // Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық мәдениетті қалыптастыру саласындағы заңнаманы талдау // Вестник №4 (49) 2017 год // 158 с.

A.R.Baidull

Karaganda University named after E.A. Buketova, Faculty of Law

1st year master's student of group M2-24-1K

(Research supervisor – K.S. Musin PhD, Professor of the Department of Theory and History of State and Law, Karaganda University named after E.A. Boketov)

THE ORIGIN OF THE IDEA OF "MÄŃGILIK EL" IS KAZAKH PATRIOTISM

Relevance of work. Kazakhstan's patriotism has been declared one of the basic principles of the Republic of Kazakhstan (Article 1, Paragraph 2). The first president of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev in his strategy "Kazakhstan-2030" set the task of forming Kazakhstan's patriotism as one of the seven long-term priorities of our development. The main condition and prerequisite for the formation of patriotism is, first of all, the awareness, awareness that the individual is a citizen of a clearly defined state. It implies the existence of independent statehood of the people. In this context, the main prerequisites for the formation of Kazakhstani patriotism were created - the people of Kazakhstan gained independence after the collapse of the USSR and created their own state in the form of the Republic of Kazakhstan.

The formation of Kazakhstan's patriotism, its transformation into one of the most important criteria, which is the only reason for an independent country to take its rightful place in the environment of global civilization, instilling a sense of patriotism in young people, and the problem of patriotism in general is one of the most important and urgent today. What is patriotism in general? The answer to this question is complex and carries a deep meaning. Patriotism is a complex phenomenon of public consciousness, expressed in the form of social feelings, moral and political principles of the life and activities of people, associated with love for the motherland, native land and its people.

Patriotism is a national pride in the Fatherland, which aims to faithfully serve the motherland and protect it. Patriotism is usually defined as love and loyalty to one's country, Homeland, and its ideals. Its source is in a deep knowledge of the history of the country, in understanding and respect for the activities of the generation, whose efforts ensured its independence and prosperity. It is often possible to identify patriotism with a strong belief that patriotism is a commitment to the national interests of a country. This connectedness can be a plethora of different feelings related to one's homeland, including ethnic, cultural, political or historical aspects [1,27].

The main part. Now, in the context of globalization and integration processes, the survival system of each population is in a state of great danger. This carries the risk of getting rid of spiritual origins and originality for any people. In this regard, the National Patriotic idea "Mangilik El" is defined as the value basis of Kazakhstan's identity. Academician O. Ismagulov: the concept of "Mangilik El" has existed in the history of our country for a long time. This term was also used in the days of the Turkic kaganate. It is known from history that the Turks called their great state "Eternal country". The word "Mangilik El" is also found in the monuments of Orkhon and in the inscriptions of Kultegin. So this is not an ethnotherm that came by chance. The Kazakh people are a nation formed in ancient times. Our history is marked in our own bones, in our own bones," he says[2,45].